

Хамит Ерғалиев



- Хамит Ерғалиев(1916 —1997) (14.10.1916 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданы, Новобогат селосында туған) — қазақ ақыны.
- Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыған. Ұлы Отан соғысына қатысты (1941-45). Тұңғыш өлеңдері Гурьевтің облыстық газетінде 1936 жылы жарияланды. Ол көптеген өлеңдер, публицистикалық мақалалар, эпикалық поэмалар, прозалық шығармалар жазды.
- Шығармалары
- Хамит Ерғалиев — 20-дан астам кітаптың авторы. Ақын шығармашылығының тақырыбы әр алуан. Ол қазақ халқының өткен өмірін, Октябрь революциясынан кейінгі азат заманның, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майдан мен тылдың бірлігін, жауынгерлердің ерлігі мен тыл адамдарының еңбегін, соғыстан кейінгі коммунизмге қарыштай қадам басқан бүкіл халықтық қозғалысты жырлады.

- Екі поэма. А., ҚМ КӨБ, 1949;
- Біздің ауылдың қызы. Поэма. А., ҚМ КӨБ, 1950;
- Сенің өзенің. Өлеңдер. А., ҚМКӨБ, 1953;
- Жайық жырлары. Өлеңдер мен поэма. А., ҚМ КӨБ, 1955;
- Құрманғазы. Поэма. А., ҚМКӨБ, 1958;
- Дәуір дабылы. Өлеңдер, поэмалар. А., ҚМ КӨБ, 1963;
- Өз көзімен өмірдің. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1965;
- Күн күмбез. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1968;
- Күй дастан. Поэма, өлеңдер. А., «Жазушы», 1970;
- Құтты қоныс. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1974;
- Санаттағы сарбаз. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1975;
- Жанарымда жұмыр жер. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1978;
- Алтын зерек. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1981;
- Таңдамалы. Шығармаларының үш томдығы. 1982—1984;
- Өмір өрнегі. Эссе, очерк, публицистика. А., «Жалын», 1986;
- Жедел толғау. Өлеңдер, балладалар, поэмалары., «Жазушы», 1988;
- Демарш. Стихи, баллады, поэмы. А., «Жазушы», 1992;
- Шер толғау. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1993;
- Сонеттер. А., «Жалын», 1995;
- Ғұмырнама. Естелік-эссе. А., «Өлке», 1996;
- Жақсы дап шарапат. Эссе, очерк, көркемсөз. А., «Қайнар», 1996;
- Ұлтым дедім, ұлғай дым. Жыр кітабы. А., «Жазушы», 1997.[1][2]





• ҚЫЗЫЛОРДА

«Қызылорда аруы - 2014» конкурсында 12 бойжеткен бақ сынайды

08:20



+11°

КӨКШЕТАУ



- 1959 жылдан өмірінің ақырына дейін бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысқан. «Әке сыры», «Үлкен жолдың үстінде», «Біздің ауылдың қызы», «Құрманғазы», «Күй дастан», «Оралдағы отты түн», «Аңыз ата», «Қыз-хисса», «Жылдар, жылдар», «Суыт жүріс», т.б. дастандары бар. Аудармашы ретінде Пушкин мен Лермонтовтың, Шекспир мен Байронның, Софокл, Науаи, Ш. Петефи, Маяковский, Р.Гамзатов туындыларын қазақ оқырмандарына жеткізді. Қырғыздың «Манас», қарақалпақтың «Қырық қыз» атты халықтық жырларын қазақшалады. В. Шекспирдің соннеттерін аударғаны үшін ол 1996 жылы Британия королевасының алғыс хатына ие болған.



Сырбай Мәуленов
(1922 – 1993)



1922 жылы 17 қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай кентінде туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Абай атындағы Алматы мемлекеттік Университетін бітірген. 1943-1950 жж. Қостанай облыстық радио комитетінде редактор, “Большевиктік жол” Газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1995 – 1955 жж.

Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редактор меңгерушісі, 1957 – 1961 жж. Қазақстан жазушылар одағының әдеби кеңесшісі, “Қазақ әдебиеті” газетінде бас редактордың орынбасары, 1964 – 1971 жж. “Жұлдыз” журналының, 1971 – 1977 жж. “Қазақ әдебиеті” газетінің бас редакторы болды.

